

АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНА – 70 ЖЫЛ!

Арқалық көшелері арқылы сөйлеген тарих

(Оразалы Қозыбаев көшесі)

Арқалық қаласындағы көшелердің бірі – бұрынғы «Құрылысшылар» (Стройтелей) көшесі – ел Тәуелсіздігіне ие болғаннан кейін қазақ тіліне аударылып, 2004 жылғы 22 ақпандағы № 40 шешіммен Торғай өңіріне сіңірген еңбегі үшін танылған қайраткер, Социалистік Еңбек Ері Оразалы Қозыбаевтың есімі берілді



Бұл көше Ғ. Қайырбеков көшесінен басталып, Абай даңғылына дейін созылып жатыр. Қазіргі уақытта көшеде қос бағытты кең жол салынған, бұл қала ішілік көлік қозғалысын ыңғайландырады. Көше бойында «Береке», «Березка» сияқты

сауда орындары мен облыстық Дала өлкесі тарихы мұражайы орналасқан.

Көшеге аты берілген Оразалы Қозыбаев Кеңестік Қазақстан-

ның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің бірі болған тұлға.

Оразалы Әбілұлы 1924 жылы Қостанай облысының Меңдіқара

ауданындағы Тазкөл атты мекенде дүниеге келген. Жасынан талабымен, талантымен көзге түскен Оразалы елдің үміт күтер азаматтарының бірі болған. 1942 жылы екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, майданнан кейін де әскер қатарында болып, туған жерге 1947 жылы бір-ақ оралады. Соғыстан кейін облыстық комсомол комитетінде нұсқаушы болған тындырымды еңбегінің арқасында Оразалы Қозыбаев қызмет сатысында тез-ақ көтерілді.

Оразалы Әбілұлының жарқылдап көрініп, жақсы қырын танытқан жері Торғай топырағы еді. Ол 1959 жылы Амангелді ауданына бас хатшы болып бекітілді. Сол қызметінде жүргенде КСРО-ның басты баспасөз органы болған «Правда» газетіне «Торғай шақырады!» деген ашық хатын жариялап, Торғай өңіріндегі тың жерлерді иге-

руге ұсыныс тастады. Одақтық басылымда көтерілген мәселе бос қалмай, Торғай тыңы игеріліп, боксит кенішіне қатысты жұмыстар да атқарыла бастады. 1962 жылы Оразалы Амангелді мен Арқалыққа қарасты аумақта ауылшаруашылық өндіріс басқармасының басшысы болып тағайындалды. 1965 жылы Арқалық аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып бекітілді.

Оразалы Қозыбаев Торғай өңірінің табиғи байлықтарын, әсіресе, боксит кенін игеру ісін ілгерілетті, ондаған жаңа кеңшарлар құрылысын ұйымдастырып, Арқалық қаласының дамуына үлкен үлес қосты. Оразалының бастама-сымен қозғалған ұлы дүбірде Торғай өңірінде 5 жылдың ішінде ғана 350 мың га тың жер игеріліп, 23 кеңшар құрылды. Оның 1995 жылы шыққан «Тыңдағы күндер» атты кітабында осы бір

табысты кезеңі жайлы біршама деректер берілген.

1967 жылы өндірісті арттырып, егін шаруашылығын дамытуға сіңірген еңбегі үшін Оразалы Әбілұлы Қозыбаев Социалистік еңбек ері атанды.

Арқалықтан кейін О.Әбілұлы Қостанайда, Ақтөбеде жоғары лауазымды қызметтер атқарды. Қазақ КСР депутаттарының жоғары кеңесінің, ОАК мүшесі болды. Арқалық қаласының құрметті азаматы.

1996 жылы өмірден өтіп, Алматыда жерленді.

Қазір Меңдіқара ауданы Қаратал ауылындағы мектеп О.Ә.Қозыбаевтың атымен аталады. Қостанай, Арқалық қалаларында көше атауы берілген.

Нұрым ДҮЗБАЙ,
Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының әдіскері